

"Қазақстан Республикасынан халықаралық үйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 мамырдағы №474 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 ақпандағы № 32 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Қазақстан Республикасынан халықаралық үйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 мамырдағы № 474 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 37, 446-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасынан халықаралық үйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидасында:

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Халықаралық үйымдардың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген айырманы өтеу жылына бір рет жүзеге асырылатын өкілдік керек-жарап құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысын және жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысында жол жүру бойынша шығыстарды өтеуді қоспағанда, жылына екі рет жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Штаб-пәтерлері Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық үйымдардың қызметкерлеріне Заңның 25-бабының 2, 3, 5-тармақтарда көзделген айырманы өтеу жүргізілмейді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Халықаралық үйимның қызметкері айырма өтемін алу үшін болу мемлекетінде шет елдегі мекемеге тиісті халықаралық үйимның осы Қағидаға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша анықтамасын:

1) медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша шығыстарды;

2) лауазымға тағайындалған кезде халықаралық үйимға жұмысқа жіберілуіне, жұмыс мерзімі аяқталған соң халықаралық үйим қызметкерінің қайтып оралуына, сондай-ақ жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысының берілуіне не отбасы мүшелері бірінің қайтыс болуына байланысты көліктік шығыстарды;

3) халықаралық үйымда жұмыс істеген кезеңде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру жөніндегі шығыстарды;

4) өкілдік керек-жарап құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысын төлеуге алынған нақты қаражат сомасын міндettі түрде көрсете отырып ұсынады.

Егер жоғарыда келтірілген шығыстардың қандай да бірі бойынша қаражат халықаралық үйымда бөлек төленбесе және жалақысының бір бөлігі болып табылса, бұл сома да ұсынылатын анықтамада бөлек көрсетілуі табуы тиіс.

Халықаралық үйымның қызметкері ұсынатын анықтамаға халықаралық үйымның қаржы қызметінің басшысы қол қояды және оның мөрімен куәландырылады.

Анықтама халықаралық үйым қызметкері айырманы өтеу үшін шет елдегі мекемеге жүгінгеніне дейін күнтізбелік 30 күннен бұрын берілмеуі тиіс.;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Шет елдегі мекеме Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жылына екі рет, 15 маусымға және 15 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықаралық үйымның әрбір қызметкері бойынша өткен кезеңдегі төлемдер жөнінде есеп береді.";

көрсетілген Қағидаға қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілген Қағидаға 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 2 ақпандығы

№ 32 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасынан халықаралық үйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында

болған лауазымды адамдарға

айырманы өтеу қағидасына

1-қосымша

Нысан

Анықтама

1. Халықаралық ұйым қызметкерінің Т.А.Ә (болған кезде): _____
2. Халықаралық ұйымның атауы: _____
3. Халықаралық ұйымдағы лауазымы: _____
4. Есепті кезең: _____ бастап _____ дейін
5. Валюта атауы (АҚШ доллары/евро): _____

P/ с №	Төлемдердің атауы	Халықаралық ұйымдағы төлемдер сомасы	Ескертпе
1	2	3	4
1	Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша шығыстар		
2	Лауазымға тағайындалған кезде халықаралық ұйымға жұмысқа жіберілуіне, жұмыс мерзімінің аяқталуы кезінде халықаралық ұйым қызметкерінің қайтып оралуына, жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысының берілуіне, отбасы мушелері бірінің қайтыс болуына байланысты көліктік шығыстар		
3	Балаларды оқыту бойынша шығыстар, оның ішінде: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша шығыстар 3 бастауыш білім беру бойынша шығыстар негізгі орта білім беру бойынша шығыстар жалпы орта білім беру бойынша шығыстар		
4	Өкілдік керек-жарақ құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысы		
5	Барлығы		

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 7-12-тармақтарында көзделген оқигалар болған жағдайда қосымша

Халықаралық ұйымның
қаржы қызметінің басшысы _____
(Т.А.Ә) (болған кезде), қолы)
М.О.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 2 ақпандағы

№ 32 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналылауазымында

болғанлауазымды адамдарға

айырманы өтеу қағидасына

2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы

Төлемдер бойынша есеп

1. Халықаралық ұйым қызметкерінің Т.А.Ә: (болған кезде) _____
2. Халықаралық ұйымның атауы: _____
3. Халықаралық ұйымдағылауазымы: _____
4. Есепті кезең: _____ бастап _____ дейін
5. Валюта атауы (АҚШ доллары/евро):_____

P/ c №	Төлемдердің атауы	Тенестірілген лауазым бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіндегі төлемдер сомасы	Халықаралық ұйымдағы төлемдер сомасы	Бюджет каражаты есебінен өтеуге жататын айырма сомасы
1	2	3	4	5
1	Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша шығыстар			
2	Лауазымға тағайындалған кезде халықаралық ұйымға жұмысқа жіберілуіне, жұмыс мерзімінің аяқталуы кезінде халықаралық ұйым қызметкерінің қайтып оралуына, жыл сайынғы акы төленетін еңбек демалысының берілуіне, отбасы мүшелері бірінің қайтыс болуына байланысты көліктік шығыстар			
3	Балаларды оқыту бойынша шығыстар, оның ішінде: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша шығыстар			

	Бастауыш білім беру бойынша шығыстар		
	негізгі орта білім беру бойынша шығыстар		
	жалпы орта білім беру бойынша шығыстар		
4	Өкілдік керек-жарақ құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысы		
5	"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздагы Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 7-12 тармақтарында көзделген оқиғалар болған жағдайда қосымша		
5	Барлығы		

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің басшысы Қолы
 Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің бухгалтері Қолы
 Құні Мөрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК